



НАРЫН ДАЛАСЫНА  
НӘР БЕРГЕН

3  
бет



ІНДЕТ ІЗІ  
ӨШКЕН ЖОҚ

4  
бет



БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ –  
ҒЫЛЫМДА

6  
бет



Газет 1953 жылдың 18 ақпанынан шыға бастады

Исатай аудандық қоғамдық-саяси газеті

# НАРЫН ТАҢЫ

№ 15 (4280)

17 СӘУІР

ЖҰМА, 2026 ЖЫЛ



www.naryntany.kz

www.facebook.com/naryn\_tany2009

naryntany

naryn\_tany2009@mail.ru

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

## ҚҰМ «ҚАҚПАСЫ» – ҚЫЗЫЛ ҮЙГЕ

### Жол құрылысы басталады



Ауданның дамуын алыстан іздеудің қажеті жоқ – ол ең алдымен жолдан басталады. Қай елді мекеннің болсын тыныс-тіршілігі, экономикалық белсенділігі мен халықтың күнделікті өмір сапасы сол жолдың жағдайына тікелей тәуелді. Шұрық-тесік жол – тежелген даму, ал сапалы инфрақұрылым – жаңа мүмкіндіктердің кілті. Соңғы жылдары өңірлердегі жол, көлік және инженерлік желілер мәселесі жиі көтеріліп келеді. Иә, бұл тек

қана құрылыс тақырыбы емес, халықтың нақты сұранысы мен күнделікті тұрмысына әсер ететін өзекті мәселе. Аудан аумағында қолға алынған жобалар да осы сұраныстан туындап отыр. Осы бағыттағы жұмыстардың барысымен танысу үшін Атырау облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Әсет Оразғалиев арнайы іссапармен ауданға келді.

Жалғасы 5-бетте

ДЕМОГРАФИЯ

## АЙХАН, ЕРХАН ЖӘНЕ РАМАЗАН

Аққыстауда үшем дүниеге келді



Аққыстау ауылы бұл күндері ерекше қуаныштың құшағында. Ұзақ күткен үміттің шырағы қайта жанып, бір шаңыраққа үш бірдей шаттық қатар қонды. Нағымовтар әулетінде 10 жыл бойы аңсаған сәби күлкісі бір сәтте үш еселеніп, ауылдың ғана емес, бүтін бір ауданның жүрегін елжіреткен оқиғаға айналды. 36 жастағы Айдана Ерғалиева үшем ұлды дүниеге әкеліп, ана атанудың теңдессіз бақытын сезінді. Табиғаттың сирек сыйы саналатын бұл құбылыс – тек бір отбасының емес, тұтас өңірдің ортақ қуанышы. Статистикаға сүйенсек, облыс бойынша биыл тіркелген үшінші үшем болса, аудан тарихында мұндай жағдай соңғы рет 1994 жылы аққыстаулық Аманғали Байжұмановтың отбасын қуанышқа кенелткен еді. Демек араға 32 жыл салып, үшемнің өмірге келуі – шын мәнінде ел есінде қалатын ерекше оқиға.

Жалғасы 3-бетте

БАСПАСӨЗ-2026

## «НАРЫН ТАҢЫНА» ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА

Қадірлі оқырман! Ауданның төл басылымына 2026 жылға түрлі себептермен жазылуға үлгере алмай қалған болсаңыз, осы айдың 25-не дейін жазылып, алдағы айдан бастап алдыра аласыз.

Жазылу «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелерінде жүргізілуде.

Жазылу бағасы 6 айға:

аудан көлемінен жазылушы жеке тұлғалар үшін -  
2310,10 теңге  
заңды тұлғалар үшін -  
4106,10 теңге  
Атырау қаласынан жазылушы жеке тұлғалар үшін -  
2310,10 теңге  
заңды тұлғалар үшін -  
5293,26 теңге

Жазылу бағасы 12 айға:

аудан көлемінен жазылушы жеке тұлғалар үшін -  
4620,20 теңге  
заңды тұлғалар үшін -  
8212,20 теңге  
Атырау қаласынан жазылушы жеке тұлғалар үшін -  
4620,20 теңге  
заңды тұлғалар үшін -  
10586,52 теңге

Газет индексі: жеке тұлғалар үшін – 66581,  
заңды тұлғалар үшін – 16581

ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫ

АУА РАЙЫ	17.04	+16	+6
	18.04	+16	+9
	19.04	+17	+10
	20.04	+17	+12
	21.04	+16	+9
	22.04	+17	+8

ТЕҢГЕ БАҒАМЫ	468	550,29	6,09
\$			
€			
₸			

НАЗАРҒА!

# Мемлекеттік басқару академиясына оқуға құжат қабылдау басталды

2026 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына 2026-2027 оқу жылына құжат қабылдау басталды.

Академияда магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуға құжаттарды қабылдау admission.ara.kz ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Биыл үміткерлер 1 сәуірден бастап 1 маусымға дейін тіркеліп, өтініш бере алады. Яғни құжат қабылдау процесі 2 ай ғана жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға 200-ге жуық адам, докторантураға 12 адам қабылданады. Бұрын магистратураға тек 120 грант бөлінсе, биыл мемлекеттік грант саны 80-ге жуық артты. Сондай-ақ үміткерлердің функционалдық еңбек өтілі анықтау бойынша арнайы комиссия құрылады. Жаңа оқу жылына құжаттар 12 емес, 15 білім бағдарламасы бойынша қабылданады. Биыл жаңадан, «EMBA – ІСКЕРЛІК-ӘКІМШІЛЕНДІРУ», «DDPA – ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ» білім бағдарламалары енгізілді.

Жекедеген білім беру бағдарламаларын ғылыми-педагогикалық бағытқа ауыстыруға байланысты «Мемлекеттік саясат», «Халықаралық қатынастар», «Экономика» бағдарламаларының оқу мерзімі 1,5 жылдан 2 жылға дейін ұзартылды.

Сонымен қатар «Адами ресурстарды басқару» білім беру бағдарламасы «Адами ресурстарды стратегиялық басқару» бағдарламасы болып өзгертіліп, оқу мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға дейін ұлғайтылды.

«Мемлекеттік саясат» магистратура бағдарламасына түсушілер үшін ағылшын тілін меңгергенін растайтын сертификаттың болуы міндетті талап ретінде енгізілді.

- МАГИСТРАТУРА (1 / 1,5 ЖЫЛ):
- MPA – Мемлекеттік басқару (1 жыл)
  - MDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару (1 жыл)
  - MSHRM – Адами ресурстарды стратегиялық басқару (1,5 жыл)
  - MRD – Өңірлік даму (1,5 жыл)

ЖҰМЫСПЕН ҚАТАР ОҚУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН МАГИСТРАТУРА БОЙЫНША МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ (1 ЖЫЛ):

- EMRA – Мемлекеттік басқару
- MRD – Өңірлік даму
- EMBA – Іскерлік әкімшілендіру

2 ЖЫЛДЫҚ МАГИСТРАТУРА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

- MPP – Мемлекеттік саясат
- ME – Экономика
- MIR – Халықаралық қатынастар

ДОКТОРАНТУРА (3 ЖЫЛ):

- DPA – Мемлекеттік басқару
- DIR – Халықаралық қатынастар
- DE – Экономика
- DDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару

ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ ДАТАЛАР:

- Құжат қабылдау: 1 сәуір – 1 маусым
- Конкурстық іріктеу: 5 маусым – 19 маусым
- Аналитикалық эссе: 5 маусым – 7 маусым
- Сұхбат: 5 маусым – 19 маусым
- Алдын ала қабылдау: 25 маусым
- Қорытынды қабылдау: 10 шілде
- Оқу басталуы: 1 қыркүйек

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТТА КЕЛЕСІ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖҮКТЕУ ҚАЖЕТ:

1. Мемлекеттік органның жолдамасы (мемлекеттік қызметшілер үшін).
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі.
3. Жоғары білімі туралы құжаттың (магистратураға түсу үшін) немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттың (докторантураға түсу үшін) сканерленген нұсқасы (қосымшаларымен бірге).
4. Шетел азаматтарын қоспағанда, мемлекеттік тілді білу деңгейін (B1-ден кем емес) растайтын QAZAQ RESMI TEST (<https://www.qrt.kz>) немесе ҚАЗТЕСТ (<http://kazakhtest.kz>) сертификаты.
5. докторантура бағдарламалары (DIR, DPA, DE, DDPA) мен «Халықаралық қатынастар – MIR», «Мемлекеттік саясат – MPP» магистратура бағдарламалары үшін халықаралық сертификаттардың бірі қажет:

МАГИСТРАТУРА		
• Халықаралық қатынастар – Master of International Relations	IELTS	кемінде 4.0 балл
	TOEFL IBT	кемінде 29 балл
• Мемлекеттік саясат – Master of Public Policy	TOEFL ITP	кемінде 343 балл
	TOEIC	кемінде 405 балл
	Duolingo English Test	кемінде 60 балл
ДОКТОРАНТУРА		
• Мемлекеттік басқару – DPA	IELTS	кемінде 5.5 балл
	TOEFL IBT	кемінде 46 балл
• DIR – Международные отношения	TOEFL ITP (LEVEL I)	кемінде 417 балл
	TOEIC	кемінде 550 балл
• DE – Экономика	Duolingo English Test	кемінде 95 балл
• DDPA – Цифровое государственное управление		

6. Мемлекеттік қызметшілер үшін – мемлекеттік қызмет персоналдың бірыңғай автоматтандырылған дерекқорынан (ақпараттық жүйеден) алынған немесе жұмыс орнынан кадр қызметі растаған қызмет тізімі, басқа үміткерлер үшін – еңбек қызметін растайтын құжат.

7. Функционалдық жұмыс тәжірибесін талап ететін білім беру бағдарламаларына үміткерлер үшін қосымша жұмыс орнынан кадр қызметі растаған лауазымдық нұсқалығы мен құрылымдық бөлімше туралы ереже.

8. Докторантура бағдарламаларына үміткерлер үшін – зерттеу жұмысы жоспарының жобасы (research proposal).

9. Электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық өтініш. Шетелдік азаматтар үшін өтініштің сканерленген нұсқасы.

КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ:

І кезең – аналитикалық эссе жазу. Бұл белгілі бір мәселе бойынша жеке ой-пікірі (ұстанымы) мен талдауын білдіретін еркін жазбаша жұмыс және ол кәсіби қызмет саласынан хабардарлығын анықтауға бағытталуы мүмкін.

ІІ кезең – сұхбат. Мақсаты – үміткерлердің кәсіби және жеке құзыреттерінің деңгейін, оқуға деген ынтасын, мемлекеттік басқару жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, нормативтік-құқықтық актілер мен заңнаманы білу деңгейін айқындау. Сұхбат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша жүргізіледі және процесс бейнежазбаға жазылады. Сұхбат үміткердің жеке кабинетінде көрсетілген кестеге сәйкес офлайн форматта жүргізіледі.

Докторантура бағдарламаларына түсетін үміткерлер үшін ІІІ кезең – зерттеу жұмысы жоспарының жобасын бағалау. Зерттеу жұмысы жоспарының жобасында зерттеудің өзектілігі, сыни талдау, болжамды әдістері және проблеманы/мәселені шешудің ықтимал жолдары бағдалады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға 200 адам, докторантураға 12 адам қабылданады. Өзге қаржы көздері есебінен үміткерлер жинаған балдарына қарай қабылданады, бұл ретте конкурстық комиссияның қорытындылары мен сараптамалық бағалаулар қосымша ескеріледі.

Бағдарлама жайлы, қабылдау шарттары және құжаттар туралы қосымша ақпаратты [www.ara.kz](http://www.ara.kz) Академия сайтынан немесе төменде көрсетілген байланыс нөмірлері арқылы біле аласыз: + 7 7122 492294.

Академия – бұл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімді дамуына үлес қосқысы келетін, кәсіби біліктілігін арттыруға ұмтылатын мамандар үшін бірегей мүмкіндік.

МАЙДАНГЕР МҰРАСЫ

«Atamnyı Amanaty» қоғамдық бірлестігі алты жыл бойы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қаза тапқан және хабар-ошарсыз кеткен қазақстандық әскери қызметшілердің тағдырын және жерленген орындарын анықтауға бағытталған жүйелі архивтік іздестіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Бірлестіктің миссиясы – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету және жастар арасында рухани-адамгершілік әрі әскери-патриоттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы тарихи жадыны сақтауда мемлекетке жәрдемдесу.

# ТАРИХИ ЖАДЫНЫ САҚТАУ – ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



Қызметтің ауқымдылығын қамтамасыз ету мақсатында 200-ден астам халықаралық және республикалық интимақтастық туралы меморандумдар жасалды, бұл Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан елдер аумағында іздестіру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Арнайы интернет-портал, «жедел желі» және әлеуметтік желілердегі парақшалар құрылды, сол арқылы кез келген азамат өз туыстарын – соғыс қатысушыларын іздеуге тегін өтініш бере алады.

Бүгінгі таңда бірлестікке 12 000-нан астам өтініш келіп тұсты, 4 500-ден астам қазақстандық сарбаз бен офицердің тағдыры және жерленген орындары анықталды. Ай сайын іздестірушілер бұрын белгісіз болған 40 – 50 жауынгердің есімін елге қайтарады. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің қолдауымен 23 қазақстандық майдангердің сүйегі Отанына жеткізіліп, толық әскери құрметпен жерленді.

Жастармен жұмыс және ғылыми-ағартушылық жобалар

«Atamnyı Amanaty» қоғамдық бірлестігі жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жобаларын жүйелі түрде қамтитын «дөңгелек үстелдер», конференциялар,

викториналар, спорттық жарыстар, тақырыптық жүгірулер, квесттер және Екінші дүниежүзілік соғыс тарихына арналған интерактивті білім беру іс-шаралары ұйымдастырылады. Осы бастамалар арқылы 2 миллионнан астам адам қамтылып, БАҚ пен әлеуметтік желілерде кеңінен қолдау тапты.

Бірлестіктің құрама іздестіру жасағы жыл сайын Ресей Федерациясының Калуга облысында өтетін «Батыс майдан. Варшава тас жолы» халықаралық әскери-тарихи экспедициясына қатысады. Оның құрамында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери-техникалық мектептерінің оқытушылары мен курсанттары жұмыс істейді.

Сонымен қатар біз іздестіру қызметін жетілдіруге және Қазақстанның әскери тарихын терең зерттеуге бағытталған төмендегідей бірқатар бастамаларды ұсынамыз.

1. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылардың қазақстандық электрондық дерекқорын құру

Қазіргі уақытта Қазақстанда республика аумағынан майданға шақырылған азаматтар туралы толық әрі сенімді мәліметтерді қамтитын ұлттық платформа жоқ. Мамандар көбіне ресейлік («Мемориал»,

«Память народа») дерекқорларды пайдалануға мәжбүр, бұл бастапқы шақыру деректерінің болмауына байланысты қазақстандықтар туралы ақпаратты іздеуді қиындатады.

Мәселені қиындататын тағы бір жайт – бастапқы шақыру құжаттарының цифрландырылмағаны және тозығы жеткен күйде сақтауы.

Ұсыныстарымыз:

- бастапқы шақыру карточкаларын жинау, цифрландыру және жүйелеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

– Саратов теміржолы бойында майданға жеткізу немесе эвакуация кезінде қаза тапқан Қызыл армия сарбаздары мен бейбіт тұрғындар жерленген кемінде 50 Бауырластар зираты орналасқан.

Ол үшін төмендегідей шараларды жүзеге асыру қажет:

- ықтимал жерлеу орындарын кешенді зерттеу;
- сүйектерді қазып алып, кейін сәйкестендіру жұмыстарын жүргізу;
- қаза тапқандардың есімін лайықты түрде мәңгі есте қалдыру.

3. Эвакуациялық госпитальдарда қаза тапқандардың нақты санын анықтау және госпиталь зираттарын абаттандыру

1941 – 1945 жылдары Қазақстан аумағында 672 эвакуациялық госпиталь жұмыс істеп, мыңдаған жараланғандарға медициналық көмек көрсетті. Алайда қаза тапқандар мен олардың жерленген орындары туралы мәліметтер іс жүзінде жоғалған, себебі архивтер алдымен КСРО қорғаныс органдарына, кейін Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігіне берілген.

Ұсыныстарымыз:

- деректерді қалпына келтіру үшін мемлекетаралық және архивтік жұмыстар жүргізу;
- госпиталь зираттарын тиісті деңгейде келтіру;
- ескерткіш белгілер мен тақтайшалар орнату.

4. Еуропа елдерінде қаза тапқан қазақстандықтардың есімін анықтау және мәңгі есте қалдыру

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жүз мыңдаған отандасмыз Еуропа мемлекеттері аумағында қаза тапты. Олардың көпшілігі әлі күнге дейін белгісіз немесе хабар-ошарсыз кеткендер қатарында. Олардың есімін анықтау және мәңгі есте қалдыру жобасының:

- тарихи маңызы;
- халықаралық гуманитарлық өлшемі;
- патриоттық-тәрбиелік мәні;
- мәдени-дипломатиялық әлеуеті;
- Қазақстанның халықаралық беделін нығайтудағы рөлі зор.

Мұрат МОЛДАҒАЛИЕВ, «Atamnyı Amanaty» ҚБ Басқарма төрағасы



«Тодини Коструциони Дженерали С.п.а.» Акционерлік қоғамының Ақтөбе филиалы барлық мүдделі тараптарды «Атырау облысы Исатай ауданындағы «TDS-8» сазды жыныстар кен орнын игеруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі тақырыбындағы қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады.

Күні мен уақыты: 2026 жылғы 20 мамыр, сағат 16:30  
Өткізілетін орны: Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұщықұдық а.о., Тұщықұдық а.Шәріпов к-сі, 18, Мәдениет үйінің ғимараты

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (егер тыңдаулардың бір пәні бойынша қоғамдық тыңдаулар бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Атырау облысы, Исатай ауданы.

Әсер ететін аумақ- Тұщықұдық ауылы. Географиялық координаттары: 47° 12' 55,0", 51° 03' 15,0"

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады: Zoom <https://us04web.zoom.us/j/5984402741?pwd=WWMwOThkWWRWUzMwTWg0dTNlQ2VtZz09>.

Конференция идентификаторы: 598 440 2741  
Кіру коды: 677118

Бастамашы: «Тодини Коструциони Дженерали С.п.а.» акционерлік қоғамының Ақтөбе филиалы, p.savchanchik@todini.it. Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 18. БСН 170941035192

Әзірлеуші: GBR PROJECT» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Сарканыс-2 ш.а., 14 к-ше, 37 үй. БСН 190940023028, эл. адрес: gulsim81@list.ru

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды рет-рету басқармасына (Атырау қ., Әйтеке би к., 77, ekspertizuypr@mail.ru жолдауға болады.

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

Қосымша ақпаратты gulsim81@list.ru эл. адресі мен + 77017455732 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.

Актюбинский филиал акционерного общества «Тодини Коструциони Дженерали С.п.а.» приглашает все заинтересованные стороны на общественные слушания по предмету: Раздел Охраны окружающей среды к «Плану горных работы для разработки месторождения глинистых пород «TDS-8» в Исатайском районе Атырауской области»

Дата и время проведения: 20 мая 2026 г. в 16:30 часов  
Место проведения: Атырауская область, Исатайский район, Тұщықұдықский с.о., с.Тұщықұдық, ул. Шарипова,18, здание Дома культуры

Перечень административно-территориальных единиц на территории которых может быть оказано воздействие и на территории, которых будут проведены общественные слушания (если общественные слушания по одному и тому же предмету слушаний проводятся более чем в одной административно-территориальной единице): Атырауская область, Исатайский район.

Территория, на которую оказывается воздействие – с. Тұщықұдық. Географические координаты участка: 47° 12' 55,0» ШШ, 51° 03' 15,0»

Дополнительно будет возможность подключения в режиме онлайн на платформе ZOOM по ссылке: Zoom <https://us04web.zoom.us/j/5984402741?pwd=WWMwOThkWWRWUzMwTWg0dTNlQ2VtZz09>.

Идентификатор конференции: 598 440 2741.  
Код доступа: 677118

Инициатор: Актюбинский филиал Акционерного общества «Тодини Коструциони Дженерали С.п.а.» p.savchanchik@todini.it. Актюбинская область, г.Актюбе, Проспект Алин Молдагуловой, 18, БИН 170941035192

Разработчик: ТОО «GBR PROJECT». Атырауская область, г. Атырау, мкрн. Сарканыс-2, ул.14, дом 37. БИН 190940023028, эл. адрес: gulsim81@list.ru

Проектная документация размещена на сайте: <https://ndbecology.gov.kz>

Замечания и предложения по вышенназванному проекту можно направлять в Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области ([g.atyrau@mail.ru](mailto:g.atyrau@mail.ru), ул. Айтеке би, 77, ekspertizuypr@mail.ru

Ссылка на сайт МИО: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>  
Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу и номеру телефону: gulsim81@list.ru а также по сот.: + 77017455732